

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫ  
МУҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
«ЕМБІ ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕП  
ЖАҢЫДАҒЫ ИНТЕРНАТЫ БАР  
№7 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА  
МЕКТЕБІ» КММ  
БҮЙРЫҚ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
КГУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ  
ШКОЛА №7 С ПРИШКОЛЬНЫМ  
ИНТЕРНАТОМ ГОРОДА ЭМБА»  
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ  
МУҒАЛЖАРСКОГО РАЙОНА  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»  
ПРИКАЗ

031300, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әйтеке би көшесі 21, ф 22-1-45; тел:22-6-45; e-mail: embi7mektap@mail.kz  
031300, Мугалжарский район, город Эмба, ул.Айтеке би 21, ф 22-1-45; тел: 22-6-45; e-mail: embi7mektap@mail.kz

«01» қауан 2023 жыл

№ 154

### «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру туралы

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес

#### Бұйырамын:

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын;
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Қ.Дүйсенғалиева бекітілсін;
3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жүзеге асырылуы педагог ұйымдастырушы А.С.Қалиева, қосымша білім беру педагогы М.С.Қаржаубай, әлеуметтік педагог Ж.З.Куанышева, мектеп психологі Л.А.Саукебаева, 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін;
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жоспарлауда ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы № 1 қосымша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» негізге алынсын;
5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылсын.
6. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың ақпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ жариялау А.С.Қалиеваға жүктелсін;
7. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық» мектебі құрылсын.
- 7.1. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар, әкелер, ағалар» және «Әжелер, аналар, жеңгелер» ақыл-кеңес, үлгісі енгізілсін;
- 7.2. «Даналық» мектебінің жетекшілігі К.Ж.Кабылбаеваға бекітілсін;
- 7.3. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын;
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Қ.Дүйсенғалиеваға жүктелсін;



Мектеп директоры:

А.Ж.Достанова



Бекіттемін:  
Мектеп директоры: А.Ж.Достанова

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ «Даналық мектебі» клубы жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

Клуб қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

**Клубтың міндеттері:**

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	мерзімі	жауапты
1	Отбасы және мектеп-Біртұтас тәрбие бесігі	Ата-аналар	Ашық аспан аясында жиналыс	қыркүйек	Т.К.Дүйсенғалиева Класс жетекшілер
2	Батаменен ел көгерер.... Қартбай атамен	Қартбай ата 7а,а класы	Бата берудің түрлері	қазан	Аталар мектебі Жолдасбекова А Буташева А
3	Қамшы өру өнері	4а класы Әкелермен кездесу	Шебер класс	қараша	Әкелер мектебі Аманиязов Д Құдасов Т
4	Әжемнің ертегісі	Несібелі әжемен 1а класы	Ертегі	қараша	Әжелер мектебі Қабылбаева К Бралина А
5	Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер	5-6 кластар	Кездесу	желтоқсан	Аталар мектебі Баракова А Абильтаева Р
6	Ырым-тыйым – әдептілік негізі	8-11 кл	Әңгімелесу	қаңтар	Аналар мектебі Иманбаева А Адилова Р
7	«Ағасы бардың жағасы бар»	Ерканат Торғайов 9 кластар	Дискуссия	ақпан	Ағалар мектебі Акмурзина А
8	«Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі»	10 кластар Ұлдар жарысы	Кездесу	наурыз	Оспанов Ә Ағалар мектебі
9	Қыз ғұмырдың құпиялары	8а,ә ,б кластар	Дөңгелек үстел	сәуір	Жеңгелер мектебі Дүйсенғалиева Т
10	Мұны қыздар білуге тиіс...	8а,ә ,б кластар	Әңгімелесу	мамыр	Жеңгелер мектебі Қалиева А

**Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан құрылған «Даналық мектебі» клубының ашылуы**

Тамыз кеңесінде Оқу - ағарту министрі Ғани Бейсембаев білім беру ұйымдарына қыркүйек айынан бастап "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" енгізген болатын. "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" негізінде Республика бойынша білім беру ұйымдарында "Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығын" ашу керектігі айтылды. Ондағы мақсат: балалардың әл - ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата - аналар арасындағы тиімді өзара іс - қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Негізгі міндеттің қатарында білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу және дамытудағы өзара іс - қимылды нығайту, отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл - ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата - аналардың уәждемесін арттыру қарастырылады. Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын үйлестіру үшін жұмыс тобы құрылып, Даналық мектебі клубы құрылды. Клуб "Ата өсиеті", "Әже даналығы", "Әке қамқорлығы", "Ана ақылы" 4 секциясы бойынша жұмысын жасауда. Осы мақсатты жүзеге асыру аясында мектебімізде 2024 жылдың 19 қаңтар күні "Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы" жанынан құрылған "Даналық мектебі" клубының тұсауы кесілді. Кабинеттің ашылу лентасын салтанатты түрде қию Мұғалжар аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Шарипов Медет Жалғасұлы мен ардагер Ұлықпан атамызға ұсынылды.



Кабинет ашу барысында мектебімізде жұмысын жасап жатқан "Балалар және театр", "Даналы әжелер", "Ибалы жеңгелер", "Ұлағат әкелер" клубының жұмыстары көрсетілді. Шараға мектебіміздің ардагер ұстаздары мен аяулы ата - әжелеріміз қатысты. "Даналы әжелер" оқушыларға "Бесікке салу" салт - дәстүр рәсімін көрсетсе, "Ұлағат әкелер" клубы қамшының шығу тарихымен, қалай өрілетінін, қалай пайдалану керектігін көрсетсе, "Ибалы жеңгелер" клубы "Шашбау" рәсімін көрсетті.



Шара концерттік номермен жалғасты. Клубтың ашылу салтанатына келген қонақтарымыз ізгі тілектерін айтып, алдағы уақытта бірлесе жұмыс жасап биіктен көрінуге батасын берді.



ДТІЖО:

Т.К.Дүйсенғалиева

Даналық мектебі жетекшісі:

К.Ж.Кабылбаева

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ 2023-2024 оқу жылындағы ата – аналар жиналысына

### Анықтама

2023 жылдың тамыз айының 29 – ы күні Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ жалпы ата - аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында күн тәртібіндегі мәселелер қаралды. Ата – аналар жиналысында 2023-2024 оқу жылына мектеп оқушыларының киім үлгісі айтылды. Ер балаларға тобықтан төмен шалбар мен қыз балаларға тізеден 10 см белдемше кию керектігі айтылды. Жиналыс барысында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кешкі уақыт 22:30 дан кейін баланы үйден шығармау туралы, төбелеке қатыспау керектігі айтылды. Сонымен қатар мектеп пен ата – ана арасындағы екі жақты келісім шарттар туралы айтылып, келісім шартқа ата – аналар мектептің ішкі тәртіп ережесіне көнеміз деп өз қолдарын қойып, қарсылық жоқ екенін айтты. Сонымен қатар мектепке алып кіруге тиым салынған, оқушының өміріне зиян тигізетін ұшты заттар, пышақ, оқ дәрі, тапанша, темекі, электронды темекі, насыбай, ұялы телефон, косметикалық заттарды алып келуге болмайтындығын ескертіп, колхатқа қарсы емеспіз деп қол қойылды. Айына 2 рет мектепшілік «Мобильді топ» мүшелері мектепке әкелуге тиым салынған заттарға рейд жұмысын жүргізетінін айтты оғанда ата – аналар тарапынан қарсылық жоқ екенін айтты.





«Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты аға-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Әке қамқорлығы», «Ана ақылы» секцияларын ұйымдастыру арқылы қазақстандық этнопедагогиканың тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге арналған

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық 4 секциясын ашу ұсынылады: «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Әке қаморлығы», «Ана ақылы». Алайда, бұл жұмыс ресурстардың жинақталуына, аға буындардың бастамашыл және ресурстық өкілдерін іріктеуге және қажетті ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға қарай жоспарлы, кезең-кезеңмен жүргізілуі тиіс.